

24.07.2019ж.

**«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің 2019 жылғы I-жарты жылдығының газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау қызметіне арналған тарифтік сметаны орындау туралы Есебі**

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-гі 24.02.2017 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің ОҚО бойынша департаментінің (бұдан әрі-Департамент) №54-НҚ бұйрығымен тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау қызметі бойынша табиғи монополия субъектілерінің Мемлекеттік тіркелімнің жергілікті бөліміне табиғи монополия субъектісі ретінде тіркелген.

Қызмет көрсету аумағы: Шымкент қаласы, индустриалды аймақтың аумағы.

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-гі (бұдан әрі –Компания) газ тасымалдау қызметін «Ордабасы» индустриалды аймағының аумағындағы 47 өндірістік кәсіпорынға - заңды тұлғаларға көрсетеді.

Қолданыстағы тариф Департаменттің 16.08.2017ж. №83-НҚ бұйрығымен бекітілген, 01.09.2017ж. бастап күшіне енгізілген, мөлшері 3298,75 теңге/1000 м<sup>3</sup> ҚҚС-сыз, ҚҚС-мен 3694,60 теңге/1000 м<sup>3</sup>.

Компанияның теңгерімінде ұзындығы 10,587 км газ тарату желілері, ГРП (газды реттегіш пункттары) -14 бірлік, ШТП (шкаф тарату пункттары) - 32 бірлік, есептеу қондырылары - 100%.

1. «Ордабасы» индустриалдық аймақ» ЖШС-гі 2019 жылғы I-жарты жылдығында инвестициялық бағдарлама (жоба) бекітпеген.

2. Реттеліп көрсетілетін тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау қызметінің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері:

- Газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау қызметінің барлық шығындары 2019 жылғы I-жарты жылдығында 47975,58 мың теңгені құрады, бұл бекіткен тарифтік сметадан 33,4% төмен, себебі тарифтік смета 1 жылға бекітілген, барлық табыстар 45798,32 мың теңгені құрады, бұл -36,4% төмен, көрсетілетін қызмет көлемі 13883,54 мың м<sup>3</sup> құрады. Аталған реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша Компания 2177,3 мың теңге зиянға ұшырады, тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің бағалары өсуіне байланысты, тарифтер көтерілуіне, сондай-ақ бекітілген тарифтік сметада өндірістік қажеттілікке керекті электрэнергия, арнайы автотехника қызметіне, офистік техникаға қызмет көрсету, күзет қызметіне шығындар қарастырылмауы себебінен.

3. 2019 жылғы I-жарты жылдығында газдың жалпы көлемі 15170,21 мың м<sup>3</sup> құрады, бұл бекітілгеннен 36,8% төмен, сатылым көлемі 13883,54 мың м<sup>3</sup>, бұл 36,4% төмен, тарифтік сметадағы көрсеткіштер 1 жылға қарастырылуына байланысты.

4. Реттеліп көрсетілетін газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау қызметі бойынша тұтынушылармен жүргізілген жұмыс:

- Тұтынушылар үшін есептеу құралдарының алдында тұрған сүзгілері тазаланады, ал тұтынушылар ШТП, ГРУ, есептеу құралдарын сатып алған кезде, жинау және орнату жұмыстары Компания есебінен жүзеге асырылады, қажет болған жағдайда тұтынушыларға жаңа газ таратушы желілер өткізіледі, ал газ қысымы төмендеген кезде, Компания жұмысшылары газдың қысымын реттейді.

5. «Ордабасы» индустриалдық аймақ» ЖШС-нің газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау қызметіне бекіткен тарифтік сметаның 2019 жылғы I-жарты жылдығындағы орындалуы:

| р/с№ | Тарифтік сметадағы көрсеткіштердің атауы                                 | Өлшем бірлігі | Бекітілген тарифтік сметаның көрсеткіштері | Тарифтік сметаның нақты көрсеткіштері | Ауытқу % | Ауытқу себептері  |
|------|--|---------------|--|---------------------------------------|----------|---|
| I    | Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы: | мың теңге     | 16323,44                                   | 7601,49                               | -53,4    | Тарифтік сметадағы көрсеткіштер 1 жылға қарастырылған, орындалуы 2019 жылғы I-жартыжылдыққа |
| 1    | Материалдық шығындар барлығы   | мың теңге     |  | 232,43                                |          | Өндірістік қажеттілікке байланысты, нақты қалыптасқан шығыстар                              |
| 2    | Амортизация (негізгі қорлардың тозу шығындары)                           | мың теңге     | 621,98                                     | 759,28                                | 22,1     | Негізгі құралдардың нормалары сәйкес есептелген нақты амортизация                           |
| 3    | Ағымдағы жөндеу  | мың теңге     | 7698,52                                    | 478,24                                | -93,8    | Жөндеу жұмыстары II жартыжылдықта жасалады, екеме газ қызметі бойынша                       |

|      |  |                                |                 |                 |              |   |
|------|--|--------------------------------|-----------------|-----------------|--------------|---|
|      |  |                                |                 |                 |              | зиянға ұшырауына байланысты, материалдарды сатып алған кезде ақшаны үнемдеп                 |
| 4    | <b>Еңбек ақы шығындары, барлығы</b>  | <b>мың теңге</b>               | <b>7978,74</b>  | <b>5716,0</b>   | <b>-28,4</b> | Нақты көрсеткіштер  |
| 5    | Арнайы техниканың қызметі  | мың теңге                      |                 | 415,50          |              | Өндірістік қажеттілікке байланысты, нақты қалыптасқан шығындар                              |
| II   | <b>Кезең шығыстары барлығы, оның ішінде</b>  | <b>мың теңге</b>               | <b>6446,85</b>  | <b>9473,76</b>  | <b>47,0</b>  | Тарифті бекіткен кезден 01.09.2017ж. айлық-жалақы мөлшері және тауарлардың бағасы көтерілуі |
| 6,1  | Әкімшілік персоналдың жалақы қоры  | мың теңге                      | 2835,4          | 5030,91         | 77,4         | Тарифті бекіткен кезден 01.09.2017ж. айлық-жалақы мөлшері көтерілуі                         |
| 6,8  | Салықтар   | мың теңге                      | 917,70          | 931,04          | 1,5          | Салық органына ұсынылған есептерге сәйкес   |
| 6,9  | Басқа шығындар (коммуналдық, күзет, жазылым, байланыс, оқыту, тех.қызмет, ЕҚЖТҚ, мед. тексеру) | мың теңге                      | 1123,2          | 1532,44         | 36,4         | Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің бағалары көтерілуіне байланысты                      |
| 6,17 | Газ жүйелеріне техникалық қызмет көрсету   | мың теңге                      | 1570,51         | 1979,37         | 26,0         | 2019 жылдың келісім-шартына сәйкес, тарифте 2017 жылғы сома                                 |
| III  | Ысыраптарды өтеуге арналған шығындар   | мың теңге                      | <b>49270,14</b> | <b>30900,32</b> | <b>-37,3</b> | Көрсетілетін қызмет көлемінің нақты көрсеткіші  |
| IV   | <b>Барлық шығындар</b>   | <b>мың теңге</b>               | <b>72040,43</b> | <b>47975,58</b> | <b>-33,4</b> | Тарифтік сметадағы көрсеткіштер 1 жылға қарастырылған, орындалуы 2019 жылғы I-жартыжылдыққа |
| V    | Пайда/зиян   | мың теңге                      | 0               | -2177,3         |              | Тауарлардың, қызметтердің бағалары көтерілуіне байланысты                                   |
| VI   | <b>Барлық табыстар</b>   | <b>мың теңге</b>               | <b>72040,43</b> | <b>45798,32</b> | <b>-36,4</b> |   |
| VII  | <b>Жалпы көлемі</b>  | <b>мың м<sup>3</sup></b>       | <b>23989,46</b> | <b>15170,21</b> | <b>-36,8</b> | Тарифтік сметадағы көрсеткіштер 1 жылға қарастырылған, орындалуы 2019 жылғы I-жартыжылдыққа |
|      | Нормативтік техникалық ысыраптар және өз қажеттілігіне керекті газ                             | мың м <sup>3</sup>             | 2150,78         | 1286,67         | -40,2        |   |
|      |  | %                              | 8,96            | 8,48            | -5,3         | Пайыздық үлесі 5,6% -ға төмендеді   |
|      | <b>Көрсетілетін қызмет көлемі</b>  | <b>мың м<sup>3</sup></b>       | <b>21838,68</b> | <b>13883,54</b> | <b>-36,4</b> | Тарифтік сметадағы көрсеткіштер 1 жылға қарастырылған, орындалуы 2019 жылғы I-жартыжылдыққа |
| VII  | <b>Тариф, ҚҚС-сыз</b>  | <b>теңге/1000м<sup>3</sup></b> | <b>3298,75</b>  | <b>3298,75</b>  | <b>0</b>     |   |

6. Қызмет көрсету перспективалары және газ тасымалдау қызметіне тарифтің өзгеру мүмкіндігі туралы.

Компания 2019-2023 жылдарға газ реттеуші станция ГРС-5-тен 3430 метр жоғары қысымды газ құбырын қайта жаңарту және жаңғырту мақсатында инвестициялық бағдарлама бекітті. 2019 жылға қарастырылған қаражат 8421,0 мың теңге, оның ішінде Компания есебінен 7794,0 мың теңге, тарифтегі амортизация есебінен 627,0 мың теңгеге, бұл 430 м жоғары қысымды газ құбырын қайта жаңарту және жаңғырту мақсатына жұмсалады.

Департамент 2019 жылғы 18 маусымдағы №68-НҚ бұйрығы негізінде «Ордабасы» индустриалдық аймақ» ЖШС-не 2019-2023 жылдарға 3069,98 теңге/1000м<sup>3</sup> ҚҚС-сыз көлемінде тариф бекітті, қолданысқа 2019 жылғы 1 тамызынан бастап енгізіледі, қолданыстағы тарифтен 6,9% төмендеді.

7. Қызмет көрсету сапасы бойынша түсіндіру.

Компания табиғи газды «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-нан алады, оның сапасын олар кепілдігімен қамтамасыз етеді. Компания тұтынушыларды газбен үздіксіз қамтамасыз етеді, тұтынушылар тарапынан ешқандай шағымдар болған жоқ.

**Қаржылық есеп. Пайдалар мен залалдар туралы есебі. «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің 2019 жылғы I-жарты жылдығының тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау қызметі бойынша**

| <b>Көрсеткіштердің атауы</b>                    | <b>Жол коды</b> | <b>Есепті кезеңге, мың теңге</b> |
|---|-----------------|----------------------------------|
| Тауарлар мен қызметтерді сатудан түсетін табыс  | 010             | 45798,32                         |
| Сатылған тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны | 020             | 40746,74                         |
| Жалпы пайда ( 010 жол- 020 жол)                 | 030             | 5051,58                          |
| Әкімшілік шығыстар                              | 070             | 9473,76                          |
| Өзге шығыстар                                   | 090             | -                                |
| Операциялық пайда + /залал - жиыны              | 110             | -2177,3                          |